



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Джулия Ривкин және Майкл Райан
«Бейтаныс адамдар: психоанализ»
аллегориясы





Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы: Антология» атты еңбегінің «Психоанализ және психология» саласына арналған тарауын бастаймыз. Бұл тарау Психоанализ саласының негізін қалаған ғалым Зигмунд Фрейдтің және оның ізбасарларының еңбектерін, сонымен қатар, психология саласы бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерін талдауға бағытталады. Бұл тарауды біз ең алдымен, кітап авторлары Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Бейтаныс адамдар: психоанализ» атты мақаласын талдаудан бастаймыз. Бұл дәріс психоанализге қатысты мәселелерді қамтиды.

Ең алдымен, кітап авторлары туралы мәліметтермен таныстыра кетейік. Джулия Ривкин – американдық әдебиет сыншысы және АҚШ-тың Коннектикут Колледжінің профессоры. Ол ең алдымен, өзінің әдебиет теориясы мен Генри Джеймстің шығармашылығы бойынша жариялаған еңбектерімен танымал. Джулия Ривкин Йель университетінде білім алды және сол университетте докторлық диссертациясын қорғады. Оның негізгі зерттеу тақырыптары Америка әдебиеті, қазіргі заманғы әйел-жазушылардың еңбектері және әдебиет теориясының мәселелері. Ол қазіргі уақытта Коннектикут колледжінде декан қызметін атқарады.

Майкл Райан – АҚШ, Темпл университеті кино және медиа-өнер саласының профессоры. Бірнеше кітаптың, екі романның әрі «Саясат және мәдениет» журналының тең құқылы авторы. Ол Джулия Ривкинмен бірігіп, «Әдебиет теориясы: Антология» атты еңбегін жарыққа шығарды. Аталған еңбек 3 рет қайта басылып шықты.

Антология әдебиет теориясы және мәдениет саласы бойынша классикалық француз, британ, америка философ және филолог ғалымдарының маңызды зерттеу еңбектерінен тұрады. Кітапта қазіргі заманғы әдебиет теориясының қалыптасуы мен негізгі көзқарастары туралы түсінік беретін 1960–80 жылдардағы батыстық әдеби теоритиктердің негізгі шығармалары берілген. Зигмунд Фрейд, Ницше, Деррида, Делёз, Бодрийяр, Барт, Винникотта және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектері қазіргі заманғы гуманитарлық білімнің негізгі мәселелерін көтеріп, орыс формализмі, жаңа сын, структурализм, постструктурализм, нарратология, марксизм, гендерлік саясат, постколониалдық зерттеулер мен когнитивистикадан бастап, әдебиет және мәдениет теориясының негізгі ұстанымдарымен таныстырады. Бұл Антология әлемдік ғылымда әдебиет және мәдениет теориясы бойынша жүргізілетін зерттеу жұмыстарында кеңінен таралған. Бүгін біз психоанализ және психология бойынша әзірленген дәрістеп курсы бастаймыз. Бұл курста сіздер әдебиет және мәдениет теориясы саласында, жиі қолданылатын теориялар және негізгі терминдермен, сондай-ақ, осы бағыттың қалыптасу және даму тарихымен танысасыздар.

Адамзаттың ақыл-парасаты өзін-өзі толық түсіне алатын тұтас құбылыс ретінде батыс ғұламаларын XVII ғасырдан бері қызықтырып келді. «Cogito» немесе ойлай алатын «Мен» біздің адами қасиетімізге және ізгілігімізге негіз бола алады, біздің табиғатқа және бақылаусыз түйсіктерге тұтастай тәуелді жануарлардан артықшылығымызды білдіреді. XX ғасырдың басында бұл өзіндік сипаттамаға деген сенімділік, Зигмунд Фрейдтің «Түс жору» атты кітабында басқаша сипатқа ие болды. Ол кітапта психоанализ деп аталатын жаңа салаға негіз бола алатын жаңалық сипатталды. Оның жаңашылдығы сол – адамның ақыл-парасатында, оның санасы қамти алатын көлемдегі ғана өлшем болады деген пікірінде еді. Фрейд психоанализ үшін өте маңызды жаңалық – «бейсаналыққа» жақын келді. Бейсаналық деген не?

Зигмунд Фрейдтің теориясындағы, «бейсаналық» ұғымының мағынасына тоқталайық.

Психиканы динамикалық тұрғыда қарастыра отырып, З. Фрейд сана, сана алды және бейсаналылықтың арасында үнемі қозғалыстар, өзара әрекеттер және келіспеушіліктер болады деді. Санадан оған қолайсыз не жат болып табылатын, қабылданбайтын тілектер, еске алулар ығыстырылады. Сананы қоршаған жүйке талшықтары, ол қажетсіз деп бағалаған нәрселерді ығыстырып тастайды және олар бейсаналыққа өтеді, санада қайта көріну жағдайы туғанға дейін сонда өмір сүреді.

Зигмунд Фрейд бойынша, бейсаналық – психикадағы «Меннің» түсінуі қиын құбылыстары жүретін саласы. Бірақ ол құбылыстар логикаға сай және олар да өзіндік, белгілі бір логикаға ие. Бейсана – біздің санамызда өмір сүретін, балалық шақтағы алғашқы әсерлер. Дегенмен олар санаға сай емес. Себебі әлеуметтік тұрғыдан қолайсыз және белгілі бір тұлғаның қандай да бір қажеттіліктерімен немесе факторларымен санаспайды. З. Фрейдтің пікірінше, бейсаналықты тек арнайы әдістер, мысалы, гипноз немесе жорамалдау секілді әдістерді қолданатын



маманның көмегімен ғана «білуге», талқылауға болады. Фрейдтің бейсананың психологиясы туралы теориясы бойынша, бейсаналықтың көлемі ақыл-естің көлемінен әлдеқайда жоғары. Анығырақ түсінікті болу үшін мынадай мысал келтіруге болады: айсбергтің мұхиттан шығып тұратын ұшы – ақыл-парасат, ал судың астындағы үлкен бөлігі – бейсаналық. Фрейдтің пікірінше, адам «автоматты» түрде істейтін көптеген әрекеттерге бейсаналық қасиет тән. Зигмунд Фрейд қоғамдық мораль мен қоғамға тән істерге қайшы келетін жасырын тілек-армандар, қиялдар бейсаналыққа жатады деп есептейді. Бұған қоса, әйгілі австриялық ғалымның пікірінше, бейсаналық көптеген невроздар мен өзге де құбылыстарға тікелей жауапты. Фрейд 3 құрамдас бөліктен тұратын психика моделін ұсынды. Бұлар – «ОЛ», «МЕН» және «ЖОҒАРҒЫ МЕН».

Ақыл-парасаттың 3. Фрейд бойынша құрылымы «Бейсаналыққа» репрессияға ұшыраған тілектер, сезімдер, естеліктер мен түйсіктегі сезімдер жинақталған, Фрейд олардың көбі сексуалдылық пен зорлық-зомбылыққа байланысты дейді. «Рақаттану принципінен тыс», «Инфантильді невроз жағдайы», «Сексуалдылық туралы үш эссе», «Эго», «Идентификация» және «Күнделікті өмірдегі психопатология» сияқты кітаптары мен зерттеулерінде Фрейд біздің психикалық өміріміз, цивилизацияның идеалдары мен ең жоғарғы жетістіктерін қанағаттандыруға, тұрақтылыққа және энергия мен қозғауды босатуға деген түйсікті ниеттен, ажырамастай биологиялық негіздерден тұрады деп санайды. Әр бала өсіп, адамдармен араласуды алдымен өз отбасынан, одан кейін қоғамнан бастайтын болғандықтан, ол осы, агрессивті немесе сексуалды импульстер туғызатын, саналық қалаулары мен түйсікті ниеттерді басып-ұстауды үйренеді. Мұндай репрессиялар өркениетке қажет, сондай-ақ, жабайы түйсікті азаматтық мінез-құлыққа айналдыру үшін қажет. Дегенмен ондай репрессиялар екінші «Мен» деп атауға болатын, ішіміздегі бөтен, әлеуметтік өмірде қолдана алмайтын нәрселердің барлығы сақталатын құбылысты туғызады. Фрейдтің ойынша, өзі «тылсым, еселену күші» деп атайтын, ішімізде әдеттен тыс, бір нәрсе өмір сүретіндей құбылысты, адамдар неліктен сезінетінін осымен түсіндіруге болады. Неліктен біздің белгілі бір қимылдарды, талап-тілектерді, эмоциялар мен жағдайларды оларға күшіміз жетпесе де, қашып құтыла алмасақ та, қайталайтынымызды осымен түсіндіруге болады. Бұл құбылыстар іштегі импульс пен күштерден туатындықтан, оларды істеуден қашып құтыла алмаймыз. Ол біздің ақыл-парасатымызға бағынбайды, себебі біздің еркімізден тыс пайда болады. Ол – бейсаналық. 3. Фрейдтің медицинада мол тәжірибесі болды. Ол бейсаналықты невротикалық симптомдары бар науқастарды зерттегенде тапты. Ол науқастардың еркінен тыс алаңдаушылықтары, олардың өмірін қатты «ауырлатып», тіпті, кейде түрлі психикалық аурулар немесе ауытқушылықтарға әкеп соқтыратынын байқады. Науқастар шешілмеген дау-жанжалдар барын айтып, Фрейдке шағымданды. Олар, әрине, бейсаналық қабілеттер мен Эгоның немесе саналық Меннің, репрессивті талаптары арасындағы келіспеушіліктер болатын. Фрейд мұндай науқастардың көбіне, талап-тілектер немесе қорқыныштар, мысалы, әбден қалыптасқан фобия, бірдеңеге деген алаңдаушылық тән екенін аңғарды. Бұл шағымдардың қайталануы, науқастың өз санасынан немесе бақылауынан тыс бір нәрсенің қысымында екенін білдіретін. Фрейд өзінің ұстазы Йозеф Брейерден анализ әдісін меңгерді. Ол әдіс бойынша, науқастар психоаналитикке өзінің басында не болып жатқанының барлығын айтатын, тіпті ақылға сыйғысыз немесе адам төзгісіз болса да. Осылайша, ол науқастардың өз бейсанасында сақталып тұрған, оның өзіндік «Менінен» жасырын тұрған ойлар мен сезімдер туралы айтатынын байқады. Мысалы, бір науқас жануарлардан, мысалы, иттерден, үнемі қорқатын. Фрейд бұл науқастың бойында бала кезіндегі әкесінен қалған қорқынышы жатқанын, науқас сол сезімді басып-жаншып, ұмытып кеткен деген қорытындыға келді. Науқастарын зерттей келе, Фрейд бейсаналықтың түс көру ретінде көрініс табатынын түсінді. Себебі, түнгі ұйқы кезінде репрессиялық эгоның, бейсаналық талап-тілекке деген қырағылығы сақталады. Фрейд тапқан армандар өмірде орындалмайтын тілектерді білдіреді. Өйткені ол армандар одан да ірі қоғамның талаптарын, тіркеп отыратын эгоның талаптарына қарама-қайшы келетіндіктен, жүзеге аспайды.

Фрейд психоанализінің әдістемесіне келсек, Фрейд өзінің досы әрі ұстазы Йозеф Брейермен бірге невроз, ұстамалы жүйке ауруы және т.б. дерттері бар науқастарды емдегенге гипнозды қолданды. Фрейд одан кейін гипнозды біртіндеп «еркін ассоциация» әдісіне ауыстырды. Өз науқастарына гипноз қолданудың орнына, ол науқастарды сынамастан, түземестен өз ойлары мен сезімдерін толық айта алатындай жағдай жасады. Науқас өзінің ішкі өмірін неғұрлым



барынша ашқан сайын, дәрігерлер науқастардың нақты проблемалары мен түсініспеушіліктерін соғұрлым жақсы зерттей алатын. Осындай сеанстар кезінде науқастар өздерінің түстері туралы айта бастайтын. Фрейд олардың әңгімелерін мұқият тыңдап, түс жорудың қажет екені туралы қорытындыға келді. Фрейд түстерді симптом ретінде зерттеп, өзінің медициналық тәжірибесінде түстерді зерттеуді қолдана бастады. «Түс жору» атты еңбегінде Фрейд өзінің түс практикасы теориясын көрсететін мысалдар ретінде, өзінің және өзі зерттейтін науқастардың түстерін қолданды. Йозеф Брейер Фрейд екеуі қолданған әдісті психоанализ деп атауды ұсынды. Дәрігердің науқаспен әңгімелесуі кезінде, олар науқастың өткен өмірінде жан жарақатын салған оқиғалары мен сол оқиғаға деген эмоциялық реакциясына, яғни алаңдаушылығына дейін жетуге тырысты.

Психоанализдің басты ережелері

Адамның ата тегіне тартқан мінезіне дейінгі барлық психологиялық қасиеттерін бала кезіндегі көшірмесі белгілейді.

Адамзаттың ісін, көшірмесін және танымын, негізінен адамның жабайы, ақылсыз, нәпсілік аңсары қалыптастырады. Бұл аңсарлар негізінен санасыз күйде болады.

Осынау санасыз аңсарларды саналы қабатқа әкелу психологиялық өзін-өзі қорғау механизмінің қарсылығын туғызады.

Сана мен астар сана (шектелген, жасырынған сана) және нақты шындық арасындағы қайшылықтан рухани соққы пайда болады, ауытқулар туады, психологиялық аурулар келіп шығады.

Осынау тосылған, тұйықталған астарлы санадағы оқиғаны (әлдеқашан ұмытылған ерекше ұятты оқиғаның жасырын ықпалы) белгілі кәсіптік амалдар арқылы рухани ауруға теңеуге болады.

Фрейд өзінің психоанализ әдісінің бөлімдері туралы былай дейді: «Науқастың өзінің психикалық естеліктеріне, түстеріне деген назары; Науқас өзінің «миы арқылы, не болып жатқанын түгел айтуы тиіс. Ол өзінің әңгімесінде, тақырыпқа сай емес, мағынасыз, жоқ нәрсе болуы мүмкін, оның қазіргі ойларын бақылауға алып, басуға әрекеттенетін сынды жоққа шығаруы тиіс»; «науқас өзіне ыңғайлы орналасып, көзін жұмып алғаны дұрыс, әсіресе, ойлары мен сезімдерінің сынын жоюы аса маңызды».

Фрейдтің ойынша, адам өңінде өз ойларының бір бөлігін басып тастайды немесе мүлде назар аудармайды. Себебі ол ойлар адам қабылдағанша басып-тасталады. Ал ұйқыда «тиімсіз ойлар», бақылау әлсіреген соң сыртқа шығады. Психоанализдің негізгі дәрежесі болып мотив дәрежесі саналады. Психоанализ адамның мінез-құлқының серіппелері мен қуат қоры туралы адамның өзі жайлы ұғымдарынан көбірек айтуға тырысты. Бірақ З. Фрейд мотивацияны санаға қарсы қойды. З. Фрейдтегі психикалық қуаттылық биологиялықты алмастырды және қоғамдық дамудың басты қозғаушы күшінің рөлін атқарды. Ағза да, қоғам да пішінделетін материал түрінде қарастырылды.

З. Фрейд жеке тұлғаның дамуының әртүрлі міндеттерін жүзеге асыратын кезеңдерін бөліп және анықтай отырып, жеке тұлғаның даму теориясын тұжырымдады және даму дағдарыстарын сипаттады; психолог бұл дағдарыстардың мазмұнымен жұмыс жасай отырып, адамға Интенционалдылыққа жетуге көмектеседі.

Фрейд теориясының негізінде ежелгі гректерден алынған пікір жатыр. Оған сәйкес түсті дұрыс жорудың емдік қасиеті болуы мүмкін. Веналық психиатр өзінің алдындағы ғұламалар мен замандастары сияқты адамның тәнін емес, жаны мен сезімдерін емдегісі келді.

Фрейд жеке адамның жан төркінін, дамуын, иррационализм мен мистика сияқты психикалық факторларды, саналы әрекетке тікелей қарсы қоюмен дәлелдеуге тырысты. Алғашқыда жүйке сырқатына тап болғандарды емдеу мен олардың сырқатының табиғатын түсіндіруге бағытталған оның бұл теориясы кейін адам жөніндегі жалпыға ортақ ілім ретінде адамзатқа ұсынылды. Психоанализ ілімінің негізгі сарыны: адам табиғаты астар, санадағы психикалық күштер, олардың ішіндегі ең бастысы – Либида мен сол адамға қарсы әлеуметтік ортада, тіршілік ету, жан сақтау қажеттілігі арасындағы мәңгі өшпес келіспестік пен арпалыста дамиды, қалыптасады.



Қоғам өзінің шектеулерімен адамды күйзеліске түсіреді, оның санаға бағынбайтын құмарлықтарын басуға тырысады. Сондықтан бұл көңіл шарпулары мен сезім көріністері айналма жолдармен невротикалық белгілер түрінде жарыққа шығады. Мысалы, түс көру; қате жазу, жаңсақ сөйлеу қажет, бірақ ұнамсыз болғанды ұмытып қалу, т.б. Осыдан келіп, Фрейд «адам іс-әрекетінің бәрі объектив болмыс туындатқан сана басқарымында болмай, адамның өзі сезе бермейтін астар санадағы ықпалдар жетегінде жүреді деген тұжырымды бетке ұстайды. Санада ешқандай күш жоқ, яғни организм мен қоғам, адамның санасында күтілмеген көңіл шарпуларының илеміндегі қамыр секілді», – дейді ғалым.

3. Фрейд өзінің дәйекті детерминист екенін үнемі атап көрсетті, яғни ол көптеген түсініксіз ақыл-ой мен мінез-құлық материалдық жағдайда негізделетінін және оны табу психоаналитиктің міндеті болып табылатынын мәлімдеді. Сол материалдық себепті табу, Фрейдтің пікірінше, науқастың қиын жағдайдан шығуына, мінез-құлығының өзгерісінен және жүйке бұзылушылығынан арылуына көмектесетін, ұтымды модельдері қолдануға және ұзаққа созылатын іс-әрекеттің басталуына қажетті шарт болып табылады.

Мінез-құлық мәселесін қарастыра отырып, Фрейд адамның психикалық іс-әрекетін анықтайтын 2 қажеттілікті көрсетеді: либидо және агрессия. Қоршаған орта осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға қарсылығын білдіріп, бөлектегеніне қарамастан ол екеуі сананың «цензурасынан» өтіп, символдар түрінде көрініс береді. Осы қажеттіліктердің өзара әрекетінің сипатын, оларды қанағаттандыру мүмкіндігін аша келе Фрейд тұлға құрылымында 3 негізгі компонентті ажыратады: Ид («Ол»), Эго («Мен») және Супер-эго («Жоғарғы Мен»).

Ид – бейсаналық саласына ығыстырылған түйсіктердің алаңы болып табылады. Ол санадан тыс бола тұрып, рақаттану ұстанымына бағынады.

Эго – бір жағынан, бейсаналы түйсіктерге жалғасса, екінші жағынан, шынайылықтың нормалары мен талаптарына бағынады.

Супер-эго дегеніміз – қоғамның ғибратты бастауларының жиынтығы, ол «цензор» рөлін атқарады. Ид пен супер-эго талаптары үйлеспейтіндіктен, эго үнемі олармен «жанжалда» болады. Сондықтан оған қорғаныс механизміне, яғни ығыстыру, сублимацияға жүгінуге тура келеді. Ығыстыру – тұлға қабылдамайтын, белсенді құбылыстарды жою. Сублимация – тиым салынған жыныстық қуаттың басқа әрекет түрінде шығу механизмі.

Фрейдтің ойынша түрлі іс-әрекет функциялары мен формаларын жүзеге асыру үшін арнайы механизмдердің бөлек жүйесі бар. Олар: сублимация, проекция, көшіру, ығыстыру, регрессия, т.б. Ал ағза энергия сақталу заңымен басқарылатын күрделі энергетикалық жүйе ретінде қарастырылады. Сондықтан егер либидо өзінің бір көріністерінде тоқтатылса, онда қандай да бір басқа эффектін тудыруы тиіс. Супер-эго осындай эффекттерді әлеуметтік тұрғыдан жарамды етеді. Егер жарамды ете алмаса, онда ид пен супер-эгоның арасындағы жанжал өршіп, жүйенің қалыпты қызметі бұзылады, тежелген либидо түрлі ауырсыну синдромдары арқылы өзін байқатады. Фрейд психологияға, мәдениетке үлкен үлес қосты. Фрейдтің психоанализ практикасы мен теориясы пайда болғаннан кейін адам басқаша ойлай бастады, басқаша қорытынды жасады.

Біз осы тарауға арналған келесі дәрістерімізде, психоанализ және психология ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан әлемге әйгілі ғалымдардың еңбектерімен танысамыз. Әсіресе, психоанализ ілімінің әкесі саналатын, австриялық психиатр Зигмунд Фрейдтің психоанализ ілімін қалыптастыру тарихымен, оның ғылыми жаңалықтарымен және жалпы айналымға енгізген терминдерінің мазмұнымен танысамыз. Сонымен қатар, Фрейдтің Түс жору, Тылсым, Топтық психология және Эго талдау тақырыбында жазған ғылыми еңбектеріне талдау жасаймыз. Сондай-ақ, Фрейдтің ізбасары, өзін оның дәйекті қолдаушысы санаған француз философы және психоаналитигі Жак Лаканның еңбектерімен де танысамыз. Психоанализ ілімі кеңінен таралып, ол философия, мәдениеттану, әлеуметтану және әдебиет саласында да кең қолданысқа ие болды. Оның дәлелі ретінде, осы тарауда біз танымал ғалымдардың, атап айтқанда, америкалық зерттеуші ғалымдар Лиза Хинриксеннің, Ли Циммерманның, Мириам Кларктің, Джон Джугиннің, Джеффри Стерннің, Дональд Винникоттың түрлі әдеби шығармалары мен олардың кейіпкерлерінің психологиялық образдарына, туындылардың философиялық мазмұнына жасалған психоанализдік талдауларымен танысатын боламыз.